

Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге 2004 жылға арналған қаражат төлеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 312 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес және ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сапалы асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге 2004 жылға арналған қаражат төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 2 н а у р ы з д а ғ ы

N 312 қаулысымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге 2004 жылға арналған қаражат төлеу

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 006 "Ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 108 "Ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіру" кіші бағдарламасы бойынша 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтау мен қалпына келтіруге арналған республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі - Кәсіпорындар) құрамына кіретін селекциялық-генетикалық орталықтарды субсидиялаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Субсидия мынадай мақсаттарға арналған:

1) коллекциялық табындар құру үшін сатып алынатын ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының құнын толық өтеу;

2) сатып алынатын арнайы технологиялық жабдықтардың (бұдан әрі - арнайы жабдық) құнын толық өтеу;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарын ұстау жөніндегі шығындарды өтеу.

3. Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) коллекциялық табындарды қалыптастыру үшін ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының сатып алынатын арнайы жабдықтарының тізбесі мен санын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарын ұстаудың нормативтерін бекітеді.

2. Қаражат төлеу тәртібі

4. Осы Ереженің 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген мақсаттарға арналған субсидияларды алу үшін:

1) Кәсіпорындар ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының арнайы жабдықтарының тізбесі мен санына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асырады және ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тиісті арнайы жабдықтарын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарын жасасады;

2) Кәсіпорындар шарттар жасасқаннан кейін 10 күн ішінде, бірақ 2004 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей, шарт түпнұсқасының бір данасын Ауылшарминіне береді.

5. Осы Ереженің 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген мақсаттарға арналған субсидияларды алу үшін:

1) Кәсіпорындар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алу рәсімін жүзеге асырады және мал азығын мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасады;

2) Кәсіпорындар Ауылшарминіне: шарттар жасасқаннан кейін 10 күн ішінде, бірақ 2004 жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей, шарт түпнұсқасының бір данасын;

ай сайын 25-і күнінен кешіктірмей, ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарын, түрлері мен топтарын ұстау жөніндегі шығындарды растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

6. Ауылшармині ұсынылған құжаттардың заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және төлемдер мен міндеттемелер бойынша қаржыландырудың бекітілген жоспарларына сәйкес Кәсіпорындардың есеп айырысу шоттарына есептелген соманы аударады.

7. Кәсіпорындар жануарлар мен арнайы жабдықтарды сатып алғаннан кейін субсидиялардың мақсатты пайдаланылғанын растауға 30 күннің ішінде барлық төлем құжаттары мен кіріс тауарлары актілерінің көшірмелерін Ауылшарминіне береді.

8. Ауылшармині осы Ереженің 4 және 5-тармақтары бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық органына төлеуге шотты береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК